

Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 206 "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (тіркеу нөмірі 2792) қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 шілдедегі № 906 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 шілдеде № 3096 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 703 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 03.04.2013 № 703 қаулысымен.

Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 206 "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (тіркеу нөмірі 2792) қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қоғамдық жұмыстардың көлемінің ұлғаюына, аймақты энергиямен жабдықтау рыногында жаңа компанияның іс-әрекетінің басталуына байланысты, Қазақстан Республикасы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының негізінде Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы № 206 "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (тіркеу нөмірі 2792, 2004 жылғы 11 наурыздағы "Қостанай" газеті) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақ төмендегі редакцияда берілсін:

"4. Тұрғын үй коммуналдық, жол шаруашылығы және көлік (Мальцева Л.П.), денсаулық сақтау (Ғалымжанов Е. М., келісім бойынша), білім (Шек Г.Г., келісім бойынша), мұрағат басқармасы (Медведев С.А., келісім бойынша) бюджеттік бағдарламаларының әкімгерлері жұмыстар мен қызмет көрсетуге ақы төлегенде 2-қосымшаға сәйкес, тізбеде анықталған кәсіпорындардың көрсететін қоғамдық жұмыстарының көлемі мен түрін ескерсін.";

2) мына мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"Тұрғын-үй коммуналдық, жол шаруашылығы және көлік кәсіпорындары орындайтын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлеміне бақылау жасау " Қостанай қаласының коммуналдық шаруашылық және техникалық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Л.П. Мальцеваға жүктелсін."

3) Аталған қаулымен бекітілген, жұмыссыздар үшін ұйымдастырылған

қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі, кәсіпорындардың тізбесінде (2-қосымша) :

8-реттік нөмірдегі жол, 2-бағанда:
"Қостанай электр желісі компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны" деген сөздер "Қостанай Энерго Орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірдегі жол, 4-бағанда:
"12080,7045,8000" деген сандар "50000, 10600, 29000" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"14400" деген сан "15990" деген санмен ауыстырылсын;
реттік нөмірдегі жол, 4-бағанда:
"520000" деген сан "595000" деген санмен ауыстырылсын;
2-реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"6555" деген сан "7085" деген санмен ауыстырылсын;
3-реттік нөмірдегі жол, 4-бағанда:
"600" деген сан "1000" деген санмен ауыстырылсын;
реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"6600" деген сан "7130" деген санмен ауыстырылсын;
реттік нөмірдегі жол, 4-бағанда:
"736800" деген сан "21017220" деген санмен ауыстырылсын;
4-реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"5150" деген сан "6210" деген санмен ауыстырылсын;
12-реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"1800" деген сан "3920" санмен ауыстырылсын;
15-реттік нөмірдегі жол, 5-бағанда:
"4500" деген сан "5560" деген санмен ауыстырылсын;
қосымшаға сәйкес, 16, 17, 18-реттік нөмірлердің жолдары толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары А. Нұрғазиевқа жүктелсін.

Қала әкімі

Қостанай қаласы әкімшілігінің
2004 жылғы 15 шілдедегі
№ 906 қаулысына қосымша

Жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстарды түрлері мен көлемдері, кәсіпорындардың тізбесі

--	--	--	--

№	Кәсіпорындардың атауы	Жұмыс пен қызметті түрлері	Орындалатын жұмыс пен қызметті көлемі	
			нақтылы көрсеткіштерде	адам/күн
16	"Қостанай перзентханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Бас корпусы жертөле жайларын және электрлік тораптарды жинау Жемістерді сақтау жайларын жинау Қосалқы жайларды жинау Перзентхана аумағындағы шөптерді маусымына екі рет кесу Қоқыстар мен темір сынықтарын шығару	1600 метр шаршы 200 метр шаршы 100 метр шаршы 8600 метр шаршы 18 тонна	450
17	"Қостанай "Аэропорт" ашық акционерлік қоғамы	Шөп шабу	20050 метр шаршы	250
18	"Қостанай қаласы әкімиятының тұрғын-үй пайдалану қызметі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Аймақты және жертөле жайларын жинау	25000 метр шаршы	600

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК